Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 44 (946) 5 қараша 2026 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2030 ЖЫЛЫ СОЛТҮСТІККЕ ГАЗ КЕЛЕДІ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ

2030 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысына магистральдық көгілдір отын құбырын тарту көзделіп отыр. Ол Аққайың, Қызылжар және Тайынша аудандары арқылы өтеді деп жоспарланған. Жоба өңір тұрғындарын табиғи газбен қамтып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді деп күтілуде.



Мемлекет басшысы өз Жолдауында елді мекендерді газдандыру қарқынын жеделдетіп, халықты табиғи газбен қамту деңгейін 80 пайызға жеткізуді тапсырған болатын. Осы міндет аясында өңірді газдандыру мәселесі де күн тәртібінде тұр.

Осыған орай, жуырда облыс әкімдігінің кеңейтілген отырысы өтіп, солтүстік өңірлерді газдандыру сұрағын өңір басшылығы, ҚР Энергетика министрлігі, «QazaqGaz» ұлттық компаниясы, «Астана-Газ ҚМГ» АҚ өкілдері кеңінен талқылады.

Жиынды ашқан облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Мемлекет басшысының тапсырмасымен Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарын газдандыру мүмкіндігі қарастырылып, Ресейдің Ишим қаласынан Астанаға дейінгі магистральды газ құбырын тарту белгіленіп отырғанына тоқталды.

Жобаны ел Үкіметі мен Ресейдің «Газпромы» арасында жасалған келісім аясында жүзеге асыру көзделіп отыр. «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салуға жауапты – «АстанаГаз ҚМГ» компаниясы. Жоспар бойынша құбыр Қызылжар, Аққайың және Тайынша аудандары арқылы өтеді. Оның диаметрі – 1 мың мм, ал жобалық қысымы 75-тен 100 барға дейін жетуі мүмкін.

Қазақстан Үкіметі мен Ресейдің «Газпромы» арасында жасалған келісім аясында 2030 жылға таман өңірде газ тұтыну көлемі жылына 300-400 млн., ал 2040 жылға қарай 1,8 млрд. текше метрге жетуі ықтимал. Алға қойылған ауқымды міндеттерді нақты іс-қимыл жоспары аясында мерзімінде шешу жергілікті атқарушы орындарға жүктелген. Осыған орай газдандыру бойынша жұмыс тобы құрылған. Негізгі магистраль Тайынша, Аққайың және Қызылжар аудандары арқылы өтеді.

«Сарыарқа МГҚ» құрылысы жобасының операторы – «Астана Газ МГҚ» АҚ төрағасы Елдар Баисов магистральды газ құбырын салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу барысы жайлы толыққанды ақпарат берді. Компания газ құбырын жобалауға және салуға жауапты. Ұзындығы 538,1 шақырым «Ишим-Астана» магистральды газ құбыры екі учаскеден тұрады: біріншісі – Астана-Көкшетау бағыты (331,8 шақырым), екіншісі – Көкшетау-Петропавл-ҚР-ның РФ-мен шекарасы (206,3 шақырым). Яғни «Сарыарқа МГҚ»-ның солтүстік бағыттағы жалғасы болып табылады. «Газпром» ЖАҚ-пен жасалған меморандумға сәйкес, жылдық жоспарланған өткізу қабілеті 6,3 млрд. текше метрге тең. Диаметрі 1020 мм, қабырғасының қалыңдығы 12-18 мм. құбырларды қолдану көзделген. Көкшетау компрессорлық станциясы, әрқайсының өнімділігі сағатына 100 мың текше метр болатын Көкшетау және Петропавл автоматты газ тарату станциялары, сонымен қатар Қызылжар ауданында жөндеу-пайдалану пункті салынады.

Петропавл қаласын қоса алғанда, газбен қамтылатын халық саны – 501,4 мың адам. 2035 жылға қарай 518,8 мыңға артуы мүмкін. Газ 13 ауданды түгел қамтитын болады. Болжамды көрсеткіштер техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу кезінде ескеріліп, нақтыланады.

Магистральдың бірінші кезеңі Қызылордадан Астанаға дейін 2019 жылы қосылған. Оның жалпы ұзындығы – 1061,3 шақырым. Енді екінші кезең Астанадан Көкшетауға, үшінші кезең Петропавл арқылы Ресей шекарасына дейін созылады. Былтыр техникалық-экономикалық негіздемесі толықтырылып, 2027 жылы «Ишим-Астана» газ құбырын салу келісімшартына қол қою көзделген.

Энергетика министрлігі газ өнеркәсібі департаментінің директоры Асқар Қонақбаевтың айтуынша, былтыр бекітілген газдандыру жобасы шеңберінде кешенді жұмыстар қолға алынған. Солтүстік өңірлерді газбен қамту – кезек күттірмес шаралардың бірі.

«QazaqGaz» басқарма төрағасының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары Абзал Кисметов техникалық-экономикалық негіздеме жыл соңына дейін мемлекеттік сараптамадан өтетінін, соған орай қаржыландыру мәселесі нақтыланатынын баяндады.

Отырысты қорытындылаған Ғауез Нұрмұхамбетов: «Тапсырмаларды жедел атқарып, өңір тұрғындарының табиғи газға қол жеткізуіне жағдай жасау – біріміздің міндетіміз», – дей келіп, бірқатар тапсырмалар берді.

Өңірді толық газдандыру үшін шамамен 1 мың шақырым көгілдір отын тарату желісін салу қажет. Облыс әкімі жауапты мемлекеттік органдар мен аудан әкімдеріне жобалауға қажетті бастапқы деректерді уақытылы дайындауды тапсырды. Ал белгіленген мерзімдердің сақталуы мен жер мәселелерін жедел шешуге аудан әкімдері мен Петропавл қаласының басшысы жауапты екенін жеткізді.

ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҚ

«ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙІКТІСІ»

Солтүстік Қазақстан облысының атынан ұсынылған Sensitive би театры мен Паралимпиада чемпионы Ерболл Хамитов «Халықтың сүйіктісі – 2026» ұлттық сыйлығының XVI маусымында жеңімпаз атанды. Екі үміткер де халықтық дауыс берудің алғашқы кезеңінде айқын басымдық танытып, сыйлықты мерзімінен бұрын иеленді.



Ұлттық сыйлықтың «Жылдың мәдени жобасы» номинациясында Sensitive би театры 85 пайыз дауыс жинады. Есту қабілеті бұзылған өнерпаздардан құралған инклюзивті шығармашылық ұжым көрермендерге ерекше өнерімен танылып келеді. Биыл ұжым «Ботай» этнопластикалық спектаклінұсынып, көрермендердің ықыласына бөленді.

Қойылымда көне дәуірдің мәдениеті мен тарихы би тілі арқылы бейнеленеді. Өнерпаздар музыканы есту арқылы емес, ырғақ пен қозғалысты сезіну арқылы жеткізеді. Бұл – шығармашылық мүмкіндіктің шексіз екенін көрсететін ерекше жоба. Sensitive театрының жетістігі инклюзивті өнердің дамуына да тың серпін беріп отыр.

Ал «Жыл параспортшысы» номинациясында Ерболл Хамитов 79 пайыз дауыс жинады. Солтүстіққазақстандық спортшы биыл Италияда өткен қысқы Паралимпиада ойындарында жоғары нәтиже көрсетіп, парабиатлоннан алтын, шаңғы жарысынан қола медаль жеңіп алды. Осылайша, ол халықаралық додада ел намысын абыроймен қорғап, Қазақстанның спорт тарихындағы маңызды жетістіктердің біріне үлес қосты.

Халықтық дауыс беру қорытындысы бойынша екі үміткер де өз номинацияларында өзгелерден оқ бойы озық шыққан. Сыйлықтың ережесіне сәйкес, мұндай жағдайда қазылар алқасының шешімімен жеңіс мерзімінен бұрын беріледі. Айта кетейік, «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығы қоғам өмірінің түрлі саласында табысқа жеткен азаматтар мен ұздік жобаларды анықтауға бағытталған. Оның басты ерекшелігі – жеңімпаздарды таңдауда халықтың пікірі мен қолдауы шешуші рөл атқарады.

ТАҒАЙЫНДАУ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2026 жылғы 3 қарашадағы өкімімен Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы аудан әкімінің экономикалық және шұғыл мәселелері жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды.



Азамат Жаңбырбайұлы 1986 жылы 6 қаңтарда Булаев қаласында туған. Білімі жоғары – 2007 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Әр жылдары ауданның мемлекеттік органдарында маман, бас маман болып еңбек етіп, 2014 жылдан бастап басшылық қызметтер атқарған. Атап айтқанда, 2014-2020 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, 2020-2024 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі лауазымында қызмет еткен.

Бұл тағайындауға дейін Азамат Қыраубаев Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімін басқарды.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

АУДАН АУМАҒЫНДА БІРҚАТАР ҚҰРЫЛЫС ЖОБАЛАРЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

3 қараша күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, онда аудан аумағындағы құрылыс жобаларының іске асырылу барысы, құрылыс саласындағы көрсеткіштердің орындалуы және тұрғын үйді пайдалануға беру туралы, 2026 жылдың 10 айындағы Қазақстан Республикасы Президенті мен Премьер-Министрінің, облыс әкімінің тапсырмаларының орындалу тәртібі, сондай-ақ аудан бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысы туралы сұрақтар қаралды.

Жиналысты ашқан Рахат Смағұлов алдымен тағайындаудан бастап, жиналғандарға аудан әкімінің экономикалық және шұғыл мәселелер жөніндегі жаңа орынбасары Азамат Жаңбырбайұлы Қыраубаевты таныстырды.

- Азамат Жаңбырбайұлы 1986 жылы 06 қаңтарда Булаев қаласында туған. Қаржы мамандығы бойынша жоғары білімі бар, соңғы жұмыс орны - экономика және қаржы бөлімінің басшысы. Жалпы еңбек өтілі - 19 жыл, оның ішінде мемлекеттік қызмет саласындағы басшылық лауазымдарда - 12 жыл. Жинақталған жұмыс тәжірибесі, аудандық ерекшеліктер мен кәсіби қасиеттерді білу жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқаруға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Оған жаңа жауапты лауазымда табыс, командада тиімді жұмыс және аудан тұрғындарының игілігі үшін нақты нәтижелер тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Содан кейін ауданымыздың игілігі жолында көп жылдар бойы адал еңбек етіп, денсаулық сақтау саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан Сағындықова Гүлбану Төлегенқызын мерейлі 60 жасқа толуымен құттықтап, аудан активі ізгі тілектерін арнады. Мерейтой иесіне Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасы мен аудан әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

Аппараттық кеңес одан әрі күн тәртібіндегі мәселелерді қараумен жалғасып, бірінші болып құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Руслан Сәдуақасов баяндама жасады.

Ағымдағы 2026 жылы ауданда құрылыс бөлімі келесі жобаларды іске асыруда:

- Қарақоға ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу, ағымдағы жылдың сәуір айында мердігер «Северное строительство» ЖШС-мен шарт жасалды, құрылысқа бөлінген сома 373.3 миллион теңгені құрайды, бүгінгі таңда 309.8 миллион теңге игерілді, жоба 90 пайызға дайын.

- Ноғайбай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу, шарт ағымдағы жылдың сәуір айында жасалды, мердігер «Строительная компания «Пилон» ЖШС болып табылады. Бөлінген сома 168.1 миллион теңгені құрайды, 153.4 миллион теңге игерілді. Құрылыс ағымдағы айдың соңына дейін аяқталады.

- халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй сатып алу бағдарламасы аясында Булаев қаласындағы А. Құнанбаев көшесі бойында әрқайсысының ауданы 80 шаршы метрден асатын екі пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Құрылысты жеке мердігерлер жүргізуде, ағымдағы айда пайдалануға беру күтілуде.

- Надежка ауылындағы Калинин көшесінде 10 тұрғын үйдің құрылысы басталды, әр үйдің ауданы 80 шаршы метрді құрайды. Бұл үйлердің іске қосылуы ағымдағы жылдың қараша айында күтілуде.

- 2026 жылы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтар үшін тұрғын үйлерді сатып алуға 230 миллион теңге бөлінді, оған Булаев қаласындағы Чкалов көшесіндегі екі пәтерлі үйде екі пәтер сатып алынды.

- 2026 жылдың тамыз айында Булаев қаласында «Прана» ЖШС күшімен Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы үшін тез салынатын ғимарат салынды, сондай-ақ ағымдағы жылы ауданда Возвышенка, Надежка, Қарақоға, Советское және Бәйтерек ауылдарында бес ветеринариялық пункттің құрылысы аяқталды. Құрылыс жеке қаражат есебінен жүргізілді. Нысандар салынды, жобалар пайдалануға берілуде.

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыстардан басқа ауданның ауыл шаруашылығы өндірушілері ауыл шаруашылығы саласында құрылыс бойынша бірнеше жобаны жүзеге асыруда:

- Ноғайбай ауылында 2026 жылы 600 басқа арналған сүт-тауар фермасының құрылысы басталды («Булаев Жер» ЖШС);

- Советское ауылында сүт-тауралы ферманың құрылысы жалғасуда, 2026 жылы бірінші кезек іске қосылды («СК Агро 2050» ЖШС);

- Бәйтерек ауылында жұмыс істеп тұрған сүт-тауар фермасын кеңейту жүзеге асырылды (НұрСен-Агро ЖШС);

- Полудино ауылында қолданыстағы ферманы кеңейту жобасы жүзеге асырылуда (300 басқа арналған фермалар салынды), бірақ қаржылық қиындықтарға байланысты құрылыс процесі кешіктірілуде.

Әлеуметтік салада да бірнеше жоба бар:

- Ұзынкөл ауылында «Рика RZ» ЖШС күшімен ауылдың медициналық пунктін орналастыруға арналған ғимарат салынды;

- Ноғайбай ауылында жергілікті серіктестік күшімен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шағын орталықтың құрылысы жүзеге асырылуда, саябақ салынуда, жеке үйлер мен мешіттің құрылысы жүргізілуде;

- Бинаш ауылындағы демалыс орталығы салынуда;

- Таманское ауылы «Таманское» ЖШС-мен күшімен 2026 жылдың жазында стадионды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді;

- Сулышоқ ауылында жергілікті шаруашылық басшысы Жөнібеков Қайрат ауыл мектебі үшін спорт залының құрылысын салуды аяқтап жатыр;

- Александровка ауылында дүкен ғимараты жөнделіп, онда қазір халықтың бос уақытын өткізу орталығы орналасты;

- Чистовское ауылында «Чистовское» ЖШС қаражаты есебінен мәдениет үйінің ғимараты жөнделді;

- Таманское және Сулышоқ ауылдарында жергілікті фермерлер өз қызметкерлері үшін тұрғын үйлер салды, - деді Руслан Қасымжанұлы.

Аудан бойынша жүргізіліп жатқан барлық құрылыс жұмыстары жоспарланған мерзімде пайдалануға берілу керектігіне тоқталған аудан басшысы әр саладағы құрылыс нысандарын бақылауда ұстауды тапсырды.

- Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов құрылыс жобаларын уақтылы іске асыру, белгіленген мерзімдерді сақтау және тұрғын үйді іске қосу бойынша жоспарлы көрсеткіштерді қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Құрылыс жұмыстарының барысын бақылауды күшейтуді және ағымдағы жылдың соңына дейін артта қалуға жол бермеу жөнінде кешенді шаралар қабылдауды талап етті. Сондықтан жүргізіліп жатқан барлық құрылыс жұмыстарын күнделікті бақылап қана қоймай, оның сапасына назар аудару керек, - деді Рахат Смағұлов.

Екінші мәселе бойынша аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожахметов ақпарат ұсынып, 2026 жылдың 10 айындағы Қазақстан Республикасы Президенті мен Премьер-Министрінің, облыс әкімінің тапсырмаларының орындалу тәртібі, сондай-ақ аудан бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысы туралы баяндады.

- Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов орындаушылық тәртіпті арттыру, Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындау қажеттігіне назар аударып, бірнеше рет тоқталды. Барлық билік органдарын азаматтардың өтініштерін уақтылы және жан-жақты қарауға, сөзбұйдаға жол бермеуге және қойылған сұрақтардың мәні бойынша нақты жауаптар беруге ерекше назар аударуды тапсырамын, - деді аудан әкімі.

Аппаратық кеңес қорытындысы бойынша хаттама жасалып, аудан әкімі аппаратына оның барысында берілген барлық тармақтардың орындалуын бақылауға алу тапсырылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

САПА ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

2026 жылдың 9 айында Солтүстік Қазақстан облысында 8 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Олардың едәуір бөлігі электрондық форматта ұсынылды, бұл халыққа қажетті қызметтерді мемлекеттік органдарға артық бармай-ақ, жедел алуға мүмкіндік береді.

Департамент қызметінің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау. Есепті кезеңде 119 бақылау іс-шарасы өткізілді, оның ішінде азаматтардың өтініштері бойынша 38 жоспардан тыс тексеру, 11 жоспарлы тексеру және қашықтан бақылаудың 70 іс-шарасы жүргізілді.

Бақылау қызметінің нәтижелері бойынша қызмет көрсету мерзімдерін сақтамауға, негізсіз бас тартуға, белгіленген талаптарда көзделмеген құжаттарды талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін бұзуға байланысты заңнама бұзушылықтары анықталды. Анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында мемлекеттік органдарға ұсынымдар енгізіліп, кінәлі лауазымды адамдар тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін айқындайтын маңызды көрсеткіштер болып табылады. Цифрландыру, әкімшілік рәсімдерді оңайлату және ашықтықты қамтамасыз ету азаматтар үшін қызметтерді алуды ыңғайлы етіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Департамент азаматтардың өтініштерін қарауға және олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге ерекше көңіл бөледі. Халықтың шағымдары мемлекеттік органдардың жұмысындағы жүйелі мәселелерді анықтауға және оларды жою бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. 2026 жылдың 9 айында 32 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Мәселен, 2026 жылдың 3-тоқсанында 2012 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалардың тұрғын үй кезегіне қайта қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданды. Есепке қою туралы мәліметтер бастапқы кезекке қойылған күні мен санатына сәйкес келтірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін жетілдіру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Департамент процестерді автоматтандыру, әкімшілік кедергілерді қысқарту және қызметтерді электрондық форматқа көшіру бойынша ұсыныстар әзірлеуде. Соңғы жылдары жер қатынастары, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет және құрылыс, сондай-ақ басқа да салалардағы заңнама мен рәсімдерді жетілдіру бойынша 300-ден астам ұсыныс енгізілді.

Мәселен, жоспарлы тексеру қорытындысы бойынша «Экспорт кезінде орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына қызмет берушінің жұмыс кестесіне қатысты өзгерістер енгізілді.

Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, заң бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысты жалғастырады. Басты міндет – мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтерді облыстың әрбір тұрғыны үшін барынша қарапайым әрі ыңғайлы алуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша азаматтар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүгіне алады.

Мекенжайы: Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 38.

Телефон: 36-01-62.

Бақыт МАХАТОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 ЖЫЛДЫҢ 4 ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күндері және уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ	Смағұлов Рахат Назымбекұлы	Аудан әкімі	Сейсенбі, апта сайын, сағат 10-00-ден 13-00-ге дейін	Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 56	2-14-03
	Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы	Аудан әкімінің экономикалық және шұғыл мәселелер жөніндегі орынбасары	Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03
	Қазисов Абай Серікұлы	Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары	Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03
	Мұқанова Айгүл Еркінқызы	Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарының м.а.	Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03
	Қожахметов Жаслан Әсетұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03

КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Галайдина Мария Михайловна, 1993 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, «СҚО М. Жұмабаев ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» КММ жастар жөніндегі маманы, өзін-өзі ұсыну.

• Третьякова Алёна Валерьевна, 1983 жылы туған, Булаев қаласында тұратын, Александровка негізгі мектебінің директоры, өзін-өзі ұсыну.

• Тұрсынбаева Әлия Мұратбекқызы, 1997 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, М. Жұмабаев аудандық ауруханасының медициналық статистигі, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

№ 1 округтік сайлау комиссиясы.

№ 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Баранов Юрий Олегович, 1984 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, «Булаев Астық» ЖШС директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

№ 2 округтік сайлау комиссиясы.

№ 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 29 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Бәкіров Ермек Жәнгірұлы, 1964 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, «СҚО әкімдігінің кәсіптік даярлау және сервис колледжі» КММ директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

№ 3 округтік сайлау комиссиясы.

№3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Бұхарбаева Жанар Амангелдіқызы, 1988 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің тәрбие ісі жөніндегі директорының орынбасары, өзін-өзі ұсыну.

• Кравченко Евгений Иванович, 1970 жылы туған, Молодогвардейское ауылында тұрады, дене шынықтыру және спорт бөлімінің спорт жөніндегі әдіскері, өзін-өзі ұсыну.

№ 3 округтік сайлау комиссиясы.

№ 4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Шәрімов Нұржанат Сабырұлы, 1984 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасының Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

• Ибраев Қайсар Әлібайұлы, 1969 жылы туған, Қарағанды ауылында тұрады, дене шынықтыру және спорт бөлімінің спорт жөніндегі әдіскері, өзін-өзі ұсыну.

• Кузьмин Сергей Викторович, 1975 жылы туған, Полудино ауылында тұрады, Полудин орта мектебінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі директорының орынбасары, өзін-өзі ұсыну.

№ 4 округтік сайлау комиссиясы.

№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 30 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Черных Оксана Васильевна, 1992 жылы туған, Полтавка ауылында тұрады, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашысы, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

№ 5 округтік сайлау комиссиясы.

№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Жұматаева Әлия Маралбайқызы, 1978 жылы туған, Возвышенка ауылында тұрады, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашысы, «Ауыл» партиясынан ұсынылған.

• Камалитдинов Хожимурат Абдумуталович, 1997 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, М. Жұмабаев аудандық ауруханасының жалпы тәжірибе дәрігері, өзін-өзі ұсыну.

№ 5 округтік сайлау комиссиясы.

№ 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Жанчурин Қанат Смағұлұлы, 1979 жылы туған, Ноғайбай ауылында тұрады, «Булаев Агро» ЖШС директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

• Жакенова Ғалия Қуанышқызы, 1988 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, М. Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының өзіндік халық шығармашылығы және бос уақыт қызметі орталығы» МКҚК директоры, өзін-өзі ұсыну.

• Масёрова Юлия Григорьевна, 1992 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, М. Жұмабаев аудандық ауруханасының жалпы тәжірибе дәрігері, өзін-өзі ұсыну.

№ 6 округтік сайлау комиссиясы.

№ 7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 29 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы, 1982 жылы туған, Ноғайбай ауылында тұрады, «Ноғайбай» ЖШС директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

№ 7 округтік сайлау комиссиясы.

№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы, 1966 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, М.Жұмабаев аудандық ауруханасының директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

• Смағұлова Махаббат Мыңжасқызы, 1999 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, «СҚО М. Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ іс жүргізушісі, өзін-өзі ұсыну.

№ 8 округтік сайлау комиссиясы.

№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 29 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Ломоносов Николай Иванович, 1993 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, Булаев мектеп-бөбекжай кешенінің дене шынықтыру нұсқаушысы, өзін-өзі ұсыну.

№ 8 округтік сайлау комиссиясы.

№ 9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Сматов Қайнолла Тоқаұлы, 1964 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, «Әділет» партиясы М.Жұмабаев аудандық филиалының төрағасы, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

№ 9 округтік сайлау комиссиясы.

№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 30 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Кине Амина Александровна, 2002 жылы туған, Ұзынкөл ауылында тұрады, дене шынықтыру және спорт бөлімінің спорт жөніндегі әдіскері, өзін-өзі ұсыну.

№ 10 округтік сайлау комиссиясы.

№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Кляйн Николай Юрьевич, 1983 жылы туған, Советское ауылында тұрады, «СК-Агро 2050» ЖШС директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

• Елубаева Гүлден Сабырқызы, 1980 жылы туған, Надежка ауылында тұрады, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашысы, өзін-өзі ұсыну.

№ 10 округтік сайлау комиссиясы.

№ 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы бойынша 2026 жылғы 28 қазанда округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

• Икметова Тайба Қажтайқызы, 1975 жылы туған, Полудино ауылында тұрады, Полудино орта мектебінің директоры, «Әділет» партиясынан ұсынылған.

• Мурзина Ирина Дмитриевна, 1984 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, №2 Булаев орта мектебінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі директорының орынбасары, өзін-өзі ұсыну.

• Смағұлова Жұлдыз Ақанқызы, 1983 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, отбасын қолдау орталығының заңгері, өзін-өзі ұсыну.

№ 11 округтік сайлау комиссиясы.

САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ–НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат науқаны басталды. Бірмандаттық сайлау округтері бойынша барлығы 536 кандидат тіркелген. Орта есеппен бір депутаттық мандатқа үш үміткерден таласып отыр.



Сайлау комиссиясының мәліметінше, облыстық мәслихаттағы 15 орынға 45 кандидат, қалалық мәслихаттағы 18 орынға 56 кандидат тіркелген. Ал аудандық мәслихаттардағы 145 депутаттық орынға 435 адам үміткер.

Сонымен қатар облыстық мәслихат сайлауына бес саяси партия қатысады. Олар жалпы саны 52 кандидаттан тұратын партиялық тізімдерін ұсынған. Барлық партиялық тізімдер тіркеуден өтті. Қазіргі уақытта кандидаттар мен саяси партиялар сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Үгіт-насихат науқаны 28 қараша сағат 00:00-ге дейін жалғасады. 28 қараша – тыныштық күні. Бұл күні сайлауалды үгіт жүргізуге тыйым салынады. 29 қараша – дауыс беру күні. Сайлау күні де үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмейді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2021 жылғы «06» мамырдағы № 117 қаулысына қосымша

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ОРЫНДАР

№ р/с	Ауылдық округтің, елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Авангард ауылдық округі, Полтавка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Полтавка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
2	Авангард ауылдық округі, Достық ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Хлеборобное негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
3	Авангард ауылдық округі, Рощино ауылы	«Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының медициналық пункт ғимаратына іргелес аумақ (келісім бойынша)
4	Аққайың ауылдық округі, Октябрьское ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Октябрьское орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
5	Аққайың ауылдық округі, Гаврино ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Гаврин бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұрынғы ғимаратына іргелес аумақ
6	Аққайың ауылдық округі, Хлебороб ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Хлебороб орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
7	Алтын дән ауылдық округі, Советское ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Совет орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
8	Алтын дән ауылдық округі, Придорожное ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Придорожное орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұрынғы ғимаратына іргелес аумақ
9	Бастомар ауылдық округі, Бастомар ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бастомар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
10	Бастомар ауылдық округі, Писаревка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Писаревка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
11	Бастомар ауылдық округі, Веселовка ауылы	«Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының медициналық пункт ғимаратына іргелес аумақ
12	Бәйтерек ауылдық округі, Бәйтерек ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Фурманов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
13	Бәйтерек ауылдық округі, Береке ауылы	«Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының медициналық пункт ғимаратына іргелес аумақ
14	Бәйтерек ауылдық округі, Новотроицкое ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колос орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
15	Возвышен ауылдық округі, Возвышенка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Возвышенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
16	Возвышен ауылдық округі, Александровка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Александровка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
17	Қарақоға ауылдық округі, Қарақоға ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қарақоға орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақ
18	Қарақоға ауылдық округі, Чистое ауылы	«Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының медициналық пункті ғимаратына іргелес аумақ
19	Қарақоға ауылдық округі, Образец ауылы	«Нұр-Агро 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің халықтың бос уақытын өткізу орталығының ғимаратына іргелес аумақ (келісім бойынша)
